

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: «Металды керамикалық протездер мен емдеу барысында мүмкін болатын дәрігерлік және технологиялық қателіктер».

Орындаған: Ергашева Г.С
Тексерген: Аубакиров С.Е

Қарағанды 2016ж

Жоспар:



- Кіріспе;
- 1. Металл-керамикалық сауытты жасау барысында жіберілетін қателіктер;
- 2. Металл-керамиканың түсін таңдау да болатын қателіктер;
- 3. Металл-керамикалық протезді сауытын жасауда кездесетін сынықтар мен сызаттар;
- Қорытынды;
- Қолданылған әдебиеттер.

Кіріспе:



- Металл-керамикалық протез жасау барысында жіберілген қателіктер пациент үшін де дәрігер және тіс технигі үшін де қымбатқа түседі. Мүмкіндігі барынша протез жасау барысында немесе протезді бекіту барысында қателік жібермеуге тырысу керек. Жіберілген қателік пациент үшін ыңғайсыздық және де қосалқы басқа да өзгерістерге алып келуі мүмкін.

Металл-керамикалық сауытты жасау барысында жіберілетін қателіктер:



- Металл-керамикалық сауыттардың түсі табиғи түсіне сәйкес келмеуі, біріншіден, тіс үлгісін жасанды жарықта таңдаумен, екіншіден, ылғалданбаған үлгі түсін ылғал табиғи түс түсімен салыстырумен түсіндіріледі.

Металл-керамиканың түсін таңдау да болатын қателіктер:



- Металл-керамикалық сауыттар түсінің таңдалған үлгі түсіне сәйкес келмеуі зертханада анықталып, мүмкіндігінше түзетілуі тиіс. Мұндай сәйкессіздік себептері:
 1. Тісті жеткіліксіз егеу салдарынан керамикалық жабынды қабатының өте жұқа болуы; қаңқа қабырғасының өте қалың болуы, төсеме /грунт/ нөмерін дұрыс таңдамау.





- Металл қаңқа көрініп, жабынды түсін өзгертеді. Төсеме /опак/ массасын екі рет жұқа жаққан жөн: біріншісі /өте жұқа/-берік байланыс үшін, екіншісі – грунттеу үшін ол металл қаңқаны және опак массаның жұқа қабаттарының сызаттарын жауып, түсінің өзгеруіне жол бермейді.



- Түстің өзгеруі неғұрлым жиі мойын аймағында, әсіресе кертпесіз егеу кезінде көрінеді. Көп жағдайда сауыт шеті бойымен тотыққан металдың қара құрсауы түзіледі. Осындай асқынудың алдын алу үшін opak массасын артығымен жағады және жылтыратқаннан кейін фарфор массасын артық бөлігін қалыңдығы бойымен мұқият кесіп алады.



www.dialdent.ru



- Массаны қалдыруға болмайды, себебі ол сауттың тіске тығыз жатуына кедергі келтіреді не қызыл иек шетін зақымдайды.
- Керамика массасының ұнтағының зертханада жұмыс бөлмесінің шаңымен ластануы. Таза, жақсы желдетілген бөлмеде, өңделген металл шаңы жоқ жағдайда жұмыс істеген жөн.



- Керамика массасы ұнтақтары бар ыдыстар тығыз жабылып, қаңқаға жаққаннан қалған керамиканың иленген массасын илеу үстелінде уақытша діке шүберекпен жауып қояды. Әрбір күйдіруден кейін келесі қабатты жақпас бұрын протез ыстық ағын сумен жуылады.



- Протезді окклюзия беті пішінінің сай келмеуін кесуге не қосымша керамика массасын жағумен түзетуге болмайды. Бұл қателік қарама-қарсы тістердің окклюзиялық ара-қатынасының окклюдаторсыз дәл ескерілмегендіктен не окклюдаторға дұрыс ғанышталмағандықтан болады. Мұндай қателік металл қаңқаны кигізіп көру кезінде анықталуы тиіс.



Металл-керамикалық протезді сауытын жасауда кездесетін сынықтар мен сызаттар:



- Металл-керамикалық протездер үшін неғұрлым маңызды сипатты асқыну – керамикалық жабындыда сынықтар мен сызаттардың пайда болуы. Онда металл қаңқаның бетінен жабындының барлық қабатынан өтетін көпіршіктер түріндегі кемістіктер туындайды.



- Мұндай көпіршіктер керамикалық массаның белгілі қабатында пайда болатын шығын бос орындардан айырмашылығы керамикалық массаны жағу, қоюландыру, бедерлеу, кептіру не пісіру кезіндегі қателіктермен байланысты емес, керамикалық қорытпаның металл бетін дұрыс дайындамағандықтан болады.





- Металл қаңқаның беті үшкір бұрыштарсыз, жіңішке шеттерсіз, қырларсыз, шұңқырларсыз тегіс болуы қажет. Алмас дискілермен өңдеп беттің біртекті кедір-бұдырлығына қол жеткізген жөн. Салыстырмалы түрде жұмсақ металл –керамикалық қорытпаларды никельді пайдалану кесуші құрал бір бағытта қозғалғанда абразивтік өңдеуді талап етеді.



- Мұндай өңдеу ішкі бос кеңістік түзумен сипатталатын металдың үйілуінің алдын алу үшін керек. Себебі, аталған бос кеңістіктер кейіннен жабындының барлық қабатынан ауа көпіршіктерін бөліп отырады.
- Металл-керамикалық сауыттың тым жұқа қаңқасы әсіресе мойын маңы аймағында ас қабылдау кезінде, яғни, окклюзиялы түйісуді бұзып, жабындының сынуы мүмкін.
- Кескіш қыр аймағындағы керамикалық жабынды сынығы қысқа металл жағдайында кездеседі.

Қолданылған әдебиеттер:



- Гаврилов Е.И., Щербаков А.С. Ортопедическая стоматология: Учебник. – 3-е изд., перераб.и доп. – М.: Медицина, 1984. – 576с.
- 2. Копейкин В.Н., Кнубовец Я.С., Курляндский В. Ю., Оксман И.М. Зубопротезная техника. – М.: Москва, 1978 – 425 с.